

Г.Т.Қартбаева, Е.Мизембаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: gulnaz1967@mail.ru)*

«Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі сүтқоректілерінің қазіргі жағдайы

Мақалада «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық паркінің сүтқоректілерінің қазіргі жағдайы, таралуы, сандық динамикасы қарастырылған. Сандық көрсеткіштеріне, таралуына шектеуші факторларға талдаулар жасалған. Соңғы мәліметтер өңделіп сарапталған. Сонымен қатар «Бұйратау» териофаунасының негізгі құрамдық түрлері көрсетілген. Бұл жұмыс Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің биоалуандылығын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: биоалуантүрлілік, жануарлар әлемі, териофауна, Мемлекеттік ұлттық табиғи парк, түрлік құрамы, сандық динамикасы.

Биоалуандықты сақтаудың неғұрлым тиімді шарасы-ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру болса, осындай ерекше қорғалатын табиғи аумақтың бірі — «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП) болып табылады. Біздің жұмысымыз осы биологиялық алуандықты сақтау мақсатында жануарлар жай-күйін бағалауға және инвентаризациялауға қазіргі табиғи және антропогендік факторлардың әсерін қарастыруға арналды. «Бұйратау» ұлттық мемлекеттік табиғи бағының биологиялық алуантүрлігін анықтау, әсіресе қорықта зоологиялық бағытта жұмыс істейтіндіктен, қорықшадағы сирек кездесетін жануарлар түрлерін анықтаудың маңызы зор.

Жұмыстың мақсаты — «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи бағында кездесетін сүтқоректілердің қазіргі жағдайын және сирек түрлерін анықтау.

Ұлттық парк ашылғаннан бері барлық жылдар бойы қызметі флора мен фаунаының сирек, эндемиктік түрлерінің мекендейтін типтік орындарын, олардың ресурстарын экожүйелердің бірегей типтерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге, табиғи орта элементтерін сақтаумен; ғылыми, туристік және экологиялық қызметті дамытумен байланысты міндеттерді атқаруға бағытталған. «Бұйратау» МҰТП функционалдық аймақтық далалық зерттеу деректері табиғи-ғылыми негіздеу материалдары негізінде орындалды. Жыл сайын жануарлардың санын есепке алу, тізімге тіркеу, яғни инвентаризациялық жұмыстар жүргізу маңызды екені анық. Осы жұмыстарды атқару барысында «Бұйратау» ұлттық саябағын мекендейтін сүтқоректілердің түрлік құрамы, таралуы, сандық көрсеткіштері зерттелді. Сонымен қатар парк аумағындағы ұсақ шоқылықтар табиғат қауымдастығындағы сүтқоректілердің популяциясы, олардың құрылымдарының ауысуының экологиялық механизмдері және әр түрлі ортадағы жануарларға түрлі антропогендік факторлардың әсер ету қарқындылықтары қоршаған ортаның қазіргі жағдайы қарастырылды.

Зерттеулер стандартты зоологиялық әдістері бойынша жүргізілді. 2012–2014 жж. сүтқоректілер тобының құрылымы мен сандық динамикасы және соның ішінде сирек кездесетін түрлері де анықталды.

Соңғы уақытта антропогендік факторлардың күшеюі (ластану, өрт, ауылшаруашылық, кен байыту жұмыстары), олардың экожүйе мен сүтқоректілер түрлеріне әсері олардың таралуы, мекендейтін жерлері, сан мөлшерінің динамикасы, демографиялық көрсеткіштері, қоршаған ортаның әсеріне жауап реакциялары, сүтқоректілердің алатын орны, биоиндикациялық мақсатта пайдалану жолдарын қарастыру маңызды болып саналады.

Сондықтан табиғаты ерекше қорғалатын аумақтың бірі «Бұйратау» бағына тоқталдық. Қарастырылып отырған Бұйратау паркінің құрамына жергілікті маңыздағы өңірлік табиғи парк, республикалық маңыздағы «Белодымов» және «Ерейментау» Мемлекеттік табиғи қорықшаларының аумақтары енеді. Парк қорлы жерлерде және орман шаруашылығының Теміртау және Ерейментау мекемелерінің мемлекеттік орман қоры жерінде құрылған және Ақмола облысы Ерейментау ауданының және Қарағанды облысы Осакаров ауданының аумақтарында орналасқан, екі филиалдан — «Ерейментау» (60814 га) және «Белодымов» (28154 га) тұрады. Ұлттық парктің жалпы ауданы 88 968 га құрайды [1, 2].

Кешенді бағалау негізіне аумақтың ландшафттық ерекшеліктері, оның табиғи-ресурстық, жаңаша пайдалану сипаты мен қарқындылығы қойылған. «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының аумақтарында оларды қорғаудың және пайдаланудың дифференцияланған тәртібі бекітілген келесі функционалдық аймақтар бөлінген. Төменде қорғау режимдерінің пайыздық қатынастары көрсетілген (1-кесте).

1 - кесте

«Бұйратау» қорықтық қорғау режимі

Бұйратау қорықтық қорғау режимі аймақтары	Ауданы, га	Пайыз, %
Қорықтық аймақ	12 373	14
Экологиялық тұрақтандыру аймағы	8127	9,1
Туристтік және рекреациялық қызмет аймағы	9107	10,2
Шектеулі шаруашылық қызмет аймағы	59361	66,7

Сонымен қатар салыстырмалы түрде жер аудандарының көлемдік көрсеткіштері берілген (1-сур.).

Осылайша, қорықтық қорғау режимімен парктің 23,1 % аумағы қамтылған. Болашақта қорықтық аймақтарды көбейту мақсаты тұр. Қорғалатын аймақтарда табиғи жағдайда жануарлар санын реттеу, қадағалау қолайлы.



1-сурет. Бұйратау паркінің қорғау режимдік көрсеткіштері

Осы 1-суреттен көріп отырғандай, шектеулі шаруашылық қызмет аймағы жалпы аумақтың басым бөлігін құрайды.


Біз қарастырып отырған «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық паркінің сүтқоректілерінің түрлік құрамы мен сандық көрсеткіштерінің динамикасы төмендегідей болды (2-кесте).

2 - кесте

Қазіргі кездегі «Бұйратау» ұлттық паркінің Mammalia құрылымы мен сандық көрсеткіштері


Р/с	Түр атауы	Сандық көрсеткіштері, бірлік		
		2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
1	Марал — <i>Cervus elaphus</i>	57	62	71
2	Арқар — <i>Ovis ammon</i>	346	392	411
3	Елік — <i>Capreolus pygargus</i>	132	173	191
4	Жабайы шошқа — <i>Sus scrofa</i>	30	55	60
5	Қасқыр — <i>Canis lupus</i>	11	6	6
6	Түлкі — <i>Vulpes vulpes</i>	82	100	105
7	Борсық — <i>Meles meles</i>	147	196	210
8	Сасық күзен — <i>Mustela eversmanni</i>	69	75	70
9	Суыр-байбақ — <i>Marmota bobac</i>	5452	5668	5846
10	Ақ қоян — <i>Lepus timidus</i>	235	210	240
11	Ор қоян — <i>Lepus europaeus (Pallas)</i>	125	150	140

Кестеде көрсетілген түрлерінен басқа, 2014 ж. Бұйратауда парк үшін сирек түрлер қатарына жататын 9 бұлан және 4 сілеусін мекендегені анықталған [2, 3]. Тұяқты жануарлардан елік тұрақты түр болып табылады. Ал арқар қонысын жиі аударатын жануар, ал бұлан өте сирек жағдайда кездеседі. «Бұйратау» Мемлекеттік ұлттық табиғи бағының басым бөлігі құрғақ жерлер суб-зоналар арасында ауыспалы белдікте және бұл аумақтың қайталанбас далалы мен орманды жерлер болғандықтан, елік сияқты жануар үшін өте қолайлы. Ал арқар негізінен тау жануары. Бұлан кейінгі жылдары ғана бұл мекенде көріне бастады. Кестеден көріп отырғандай, парк аумағында мекендейтін аңдардың көпшілігінің саны артқандығы белгілі болды және ол тұрақты (қасқыр саны реттелуде) бола бастады. Төмендегі суреттен арқар санының біршама өскендігін көруге болады (2-сур.).



2-сурет. Қазіргі кездегі «Бұйратау» ұлттық паркінің сүтқоректілерінің 3 жылдық сандық динамикасы

Инвентаризациялық, мониторингтік жұмыс нәтижелері 2014 жылғы табиғат жылнамаларында, ғылыми-зерттеу тақырыптарының жылдық-аралық есептерінде баяндалған. Алынған мәліметтерге қарағанда суырлар санының артқандығы белгілі болды. Төмендегі суретте «Бұйратау» ұлттық паркінің дала суырларының 3 жылдық сандық динамикасы берілген (3-сур.).



3-сурет. «Бұйратау» ұлттық паркінің дала суырларының 3 жылдық сандық динамикасы

Осы суреттен көріп отырғандай, суырлардың қазіргі жағдайы тұрақты деп айтуға болады. Оны біз қорғау шараларының жақсаруымен байланыстырамыз. Аңдардың басқа түрлерімен салыстырғанда да суырлардың сандық көрсеткіштері ең жоғарғы мәнге ие болды. Мониторингтік жұмыстарды жалғастыра отырып, көпжылдық динамикасын, таралу ерекшеліктерін келесі жұмыстарда баяндаймыз.

Зерттеу әдістері

«Бұйратау» Мемлекеттік табиғи қорықшасының қазіргі жағдайын зерттеу үшін маршрутты рекогносстикалық зерттеулер жүргізілді, қысқаша геоботаникалық сипаттамалар жасалды, стационарлы модель аудандары таңдап алынды. Жартылай стационарлық көпжылдық бақылаулар үшін 20 модельді аудан таңдап алынып сипатталды.

Омыртқалы жануарларды зерттеу үрдісінде осы заманғы экологиялық және зоологиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Жұмысты орындау барысында Новиков, 1953; Наумов, 1967; Богомоллов, 1986; Соколов, 1996 т.б. ғалымдар ұсынған зерттеу әдістері қолданылды. Жануарлардың түрі, жынысы, жасы анықталды. Саны мен географиялық таралуын анықтау үшін А.Н.Формозов (1952), В.С.Смирнов (1964), А.Т.Петухов (1989) әдістері қолданылды. Кемірушілер үшін індерін, азығын есептеу, т.б. тәсілдер қолданылды. Жануарлардың молдығын әрбір түр бойынша А.П.Кузякин ұсынған (1962) молдылық шкаласы бойынша бағаланды. Әр түрлі аудандарда ауланған сүтқоректілердің фаунистикалық топтарын Жаккар фауналық ұқсастығы индексі негізінде салыстырылды.

Сондай-ақ жұмыста визуалды бақылау, сұрақнама мен әдебиеттер нәтижелері де сарапталды. Жануарлардың санын анықтау үшін аңшылар, орманшылар мен қорықшылардан және басқа да мамандардан сұрақнама алынды. Бақылау жұмыстары жылдың төрт мезгілінде де жүргізілді.

Жеке түрлер бойынша сандық мәліметтер вариациялық санақ әдісімен (Ивантер, 1979; Лакин, 1980) қарастырылды. Зерттеу барысында алынған барлық алынған сандық мәліметтер статистикалық өңделді.

Берілген зерттеу «Белодымов» аумағында төрт мониторингтік алаңдар бар:

1. 1–1 МА алаңында үш экотоп бөлінді: қайың орманы (рельеф жазық, орман жағына қарай аздап төмендеген); орман шеті (бұталанған құрғақ аңғарлу көгал); жайылымдық дала (көп түрлі шөпті-бетегелі дала).

2. 2–2 МА алаңы–бетеге–сұлылы дала (Бүркіт тауының солтүстік-батыс баурайы, рельефі жазық суырлардың сирек бутандары бар).

3. 3–3 МА алаңы — астық тұқымдас-бетегелі көгалды дала, бетегелі-сұлыбасты-селеулі дала (Жамбасбұлақ р. екінші алқап үстітеррасасы).

4. 4–4 МА алаңы — қандағаш тоғайы (Қарағаш шатқалы, қандағашы бар бұлақ алқабы).

«Ерейментау» аумағында да төрт мониторингтік алаңдар олар:

1. 1–1 МА алаңы — «Ырғайлы» орман шеті (қараған-суық-жусанды-кылқанбоз-сұлыбасты дала).

2. 2–2 МА алаңы — «Ақ тас» (қарағай орманы).

3. 3–3 МА алаңы — «Ершоқы» (орман шеті).

4. 4–4 МА алаңы — «Ершоқы 2» (әр түрлі шөпті көгал).

Жалпы «Бұйратау» Мемлекеттік табиғи бағында жануарлар дүниесінің түрлік құрамы алуан түрлі. Қорықшаның географиялық ерекшелігі әр түрлі ландшафттық биоценоздан құралған. Бақтың фаунасына 6 топ (отрядтық) және 16 тұқымдастарға жататын сүтқоректілердің 52 түрі кіреді, бұл Қазақстан таксондары санының сәйкесінше 71 және 39 %-н құрайды. Бақтың аумағында Қазақстанның таулы өлкелерін мекен ететін басқа популяциялардан жекеленген және саны 200-ге жететін арқардың ерейментаулық популяциясы мекен етеді. Сонымен қатар соңғы жылдары саны 100-ге жететін марал акклиматизациясы жұмыстары нәтижелі жүргізіліп жатқандығын атап өту керек. Мұнда орман массиві, жазықтар, таулы қыраттар, шалғынды ылғалды алқаптар бар. Осындай ерекшеліктеріне байланысты қорықшада тіршілік ететін жануарлар дүниесі өзі бейімделген биоценоздарда таралған. «Бұйратау» бағында 52 түрлі сүтқоректілер тіршілік етеді. Атап айтар болсақ, арқар, борсық, қасқыр, түлкі, қарсақ, ақ қоян, ор қоян, елік, бұлан, ақ кіс, сасықкүзен, суыр. Олардың түр-түстері де сол жердің топырағының түсіне ұқсас болып келеді. Өздерінің алуан түрлілігіне байланысты кейбіреулері қысқы уақытта ұйқыға кетеді. Кемірушілердің ішінен тышқан, дала тышқаны, сарышұнақтар кездеседі. Бұлар егінге зиянын тигізеді. Сүтқоректілердің суыр тұқымдастарынан салмағы 10 кг-ға дейін жететін ірі суырлар да кездеседі. Олар жерді қазып індер жасап, жер бетіне топырақ үйінділерін үйіп төбелер жасап қояды. Бұл жерлерден тышқан, дала тышқаны, суырлармен қатар, түлкі, қарсақ, борсық сияқты жыртқыш аңдарды да кездестіруге болады. Бұлар кәсіптік мәні бар, терісі бағалы аңдарға жатады.

Қазіргі кезде осында орналасқан «Бұйратау» МҰТП» аумағында және оған шектес аудандарда терриологиялық зерттеулердің эпизодтық және фрагментарлық сипаты бар Ерейментау таулы

өлкесінде сүтқоректілер фаунасын арнайы, тұрақты кешенді зерттеулер ешқашан жүргізілмеген, егер Ерейментау таулары жүйесінде кешенді аңшылық шаруашылығын ұйымдастыру мүмкіндіктері шаруашылық шарт тақырыптарын орындауды есепке алмаса, сүт қоректілердің тек түрлері ғана, жеке алғанда—тау қойы арқар, суыр—байбақ жақсы зерделенген. Сүтқоректілердің кейбір басқа түрлері бойынша жеке мәліметтер бар [3]. Көптеген ұсақ түрлері (жертесерлер және атжалмантәріздестер) бойынша ақпараттар болжамды сипатта немесе толық емес. 2012 ж. бастап «Бұйратау» МҰТП, базасында сүтқоректілері түрлік құрамы, кеңістіктікте және биотоптық орналасуы, саны, мониторинг жүйесі бойынша, сонымен қатар шектес аумақтарда жоспарлы далалық зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу аумағында Қазақстан Қызыл кітабына енген бір түр анықталды — ол арқар. Ал парк территориясында сүтқоректілер арасынан эндемиктер тіркелмеді. Мұнда кәсіптік түрлерге: қасқыр, түлкі, қарсақ, сасық күзен, ақ қояндар және ор қояндар, борсық, суырлар жатады. Аңдардың, парктің географиялық ауданының басым мекендеушілерінің тізімі жеткілікті түрде кең. Сонымен, біз жүргізген зерттеулер нәтижесінде, парк мекендеушілерінің санына тағы 9 түр енгізілді: бұлан, марал, қабан, жанат тәрізді ит, сілеусін, америка қара күзені, ақ тышқан, ондатр, сұр тышқан.

Қазір уақыт кезеңінде қолдағы әдебиет көздерін және біздің зерттеу барысында алған материалдарды талдау негізінде «Бұйратау» МҰТП сүтқоректілері фаунасының түр құрамының төменде келтірілген таксономиялық тізімі 3-кестеде берілген.

3 - кесте

«Бұйратау» МҰТП сүтқоректілері фаунасының таксономиялық тізімі

Р/с	Таксон	Молдығы
1	2	3
Жәндікқоректілер — <i>Insectivora</i>		
Кірпі Тұқымдастар — <i>Erinaceidae</i>		
1	Кәдімгі кірпі — <i>Erinaceus europaeus</i>	++
2	Құлақты кірпі — <i>Erinaceus auritus</i>	+
Жертесерлер тұқымдастар <i>Soricidae</i>		
3	Кіші жертесер — <i>Sorex minutus</i>	+?
4	Кәдімгі жертесер — <i>Sorex araneus</i>	++
5	Тундра жертесері — <i>Sorex tundrensis</i>	+
6	Ергежейлі жертесер — <i>Sorex minutissimus</i>	+?
7	Кіші жертесер — <i>Crocidura suaveolens</i>	+
8	Су жертесер — <i>Neomys fodiens</i>	+
Жарқанаттар отряды — <i>Chiroptera</i>		
Жалтыртұмсықтылар тұқымдастары — <i>Vespertilionidae</i>		
9	Мұртты жарқанат — <i>Myotis mystacinus</i>	++
10	Тоған жарқанаты — <i>Myotis dasycneme</i>	++
11	Су жарқанаты — <i>Myotis daubentoni</i>	+?
12	Сұрқұлақты жарқанат — <i>Plecotus austriacus</i>	+?
13	Солтүстік жарғанаты — <i>Eptesicus nilsoni</i>	+?
14	Кәдімгі жарқанат — <i>Eptesicus serotinus</i>	++
15	Көп түсті жарқанат — <i>Vespertilio murinus</i>	++
Жыртқыштар отряды — <i>Carnivora</i>		
Кәмшат тұқымдастар — <i>Mustelidae</i>		
16	Борсық — <i>Meles meles</i>	++
17	Ақ қалақ — <i>Mustela nivalis</i>	+
18	Ақкіс — <i>Mustela erminea</i>	+?
19	Америка қара күзені — <i>Mustela vison</i>	+
20	Сасық күзен (ашық) — <i>Mustela eversmani</i>	+
Ит тұқымдастары — <i>Candidae</i>		
21	Қасқыр — <i>Canis lupus</i>	++
22	Түлкі — <i>Vulpes vulpes</i>	++
23	Қарсақ — <i>Vulpes corsac</i>	++
24	Жанат тәрізді ит — <i>Nyctereutes procyonoides</i>	0
Мысық тұқымдастар — <i>Felidae</i>		
25	Сілеусін — <i>Lynx Lynx</i>	?

1	2	3
Жүп тұяқтылар отряды — <i>Artiodactyla</i> Шошқа тұқымдастар — <i>Suidae</i>		
26	Қабан — <i>Sus scrofa</i>	++
Бұғы тұқымдастар — <i>Cervidae</i>		
27	Марал — <i>Cervus elaphus</i>	+
28	Елік — <i>Capreolus pygargus</i>	++
29	Бұлан — <i>Alces alces</i>	+
Қуыс мүйізділер тұқымдастары — <i>Bovidae</i>		
30	Арқар — <i>Ovis ammon</i>	++
Кеміргіштер отряды — <i>Rodentia</i> Тиін тұқымдастар — <i>Sciuridae</i>		
31	Қызылұрт саршұнақ — <i>Spermophilus erythrogenus</i>	+++
32	Дала суыры (байбақ) — <i>Marmota bobac</i>	+++
Тышқан тұқымдастары — <i>Sminthidae</i>		
33	Дала тышқаны — <i>Sicista subtilis</i>	+++
Жалған қосаяқ тұқымдастары — <i>Allactagidae</i>		
34	Үлкен қосаяқ — <i>Allactaga major</i>	++
35	Секіргіш қосаяқ — <i>Allactaga sibirica</i>	+
Атжалман тұқымдастары — <i>Cricetidae</i>		
36	Сұр атжалман — <i>Cricetulus migratorius</i>	+
37	Эверсман атжалманы — <i>Allocricetulus evermanni</i>	++
38	Аламан — <i>Cricetus cricetus</i>	++
39	Ондатр — <i>Ondatra zibethicus</i>	?
40	Жалпақ басты тоқалтісі — <i>Alticola strelzowi</i>	++
41	Жирен тоқалтісі — <i>Clethrionomys rutilus</i>	++
42	Дала тоқалтісі — <i>Lagurus lagurus</i>	+++
43	Су тышқаны — <i>Arvicola terrestris</i>	++
44	Су тоқалтісі — <i>Microtus oeconomis</i>	+
45	Кәдімгі тоқалтісі — <i>Microtus arvalis</i>	+++
46	Сүйірбасты тоқалтісі — <i>Microtus gregalis</i>	+++
47	Кәдімгі соқыр тышқан — <i>Ellobius talpinus</i>	+++
Тышқан тұқымдастары — <i>Muridae</i>		
48	Орман қаптесері — <i>Apodemus sylvaticus</i>	+++
49	Қаптесер — <i>Mus musculus</i>	+++
50	Кішкентай қаптесер — <i>Micromys minutus</i>	+
51	Сұр егеуқұйрық — <i>Rattus norvegicus</i>	?
Қоян тәріздестер отряды — <i>Lagomorpha</i> Қоян тұқымдастары — <i>Leporidae</i>		
52	Ор қоян — <i>Lepus europaeus</i>	+
53	Ақ қоян — <i>Lepus timidus</i>	+++
Шақылдақтар тұқымдастары — <i>Ochotonidae</i>		
54	Дала шақылдағы — <i>Ochotona pusilla</i>	+++

Ескерту. Сирек — +; әдеттегідей — ++; өте көп — +++; (белгісіз) — ?.

Сондай-ақ інінен тек түнде шығатын қарсақ та көптеп кездеседі. Бұл өңірдің негізгі жыртқыш-аңы — қасқыр. Аудан даласын қарақұйрықтар мен ақбөкендер де мекендейді.

Дала зонасының жануалар әлемі орманда, дала жануарларына қарағанда, шөлейт фаунасына жақынырақ. Аймақ алқабында сүтқоректілердің, құстардың, бауырымен жорғалаушылардың түр-түрі кездеседі. Ашық өңірлерде суыр, шалғындар мен орман шеттерінде су егеуқұйрығы кездеседі. Ормандар мен бұталар арасында қаптесерлер мекендейді. Қояндардан ақ қоян кездесу жиілігі жоғары болып келеді. Шөп жамылғысының жатағандығы мұнда суырдың, дала шақылдағының, үлкен қосаяқтың, кішкене сарышұнақтың көптеп таралуына себеп болады.

Қазақстанда арқардың 6 түрі бар: алтай арқары, қызылқұм арқары, қазақстан арқары, Тянь-шань арқары, қаратау арқары, үстірт арқары. Олар таулы жерлерді (Жоңғар Алатауы, Тарбағатай, Алтай,

Сарыарқа, Қаратау, Қызылқұм шөлі) мекендейді. Қарағанды облысында осы түрлердің ішінде қазақстан арқары кеңірек таралған. Біз қарастырып отырған «Бұйратау» Мемлекеттік табиғи бағында осы арқардың түрі кездеседі (4-сур.).



4-сурет. Қазақстан арқары (*Ovis ammon collium*)

Қазақстан арқары (*Ovis ammon collium*) — қуысмүйізділер тұқымдасына жатады. Сарыарқада, Тарбағатайда, Қалба жотасында, Сауыр мен Маңырақ жоталарында кең таралған. Құлжасының дене тұрқы 150–200 см (аналығы 110–160 см), шоқтығының биіктігі 125 см-дей (аналығында — 112 см-дей), салмағы 200 кг-ға жуық (аналығы 60–100 кг). Құлжасының мүйізі өте мықты, қатпарланған сақиналы, бұралып иілген, аналығынікі — нәзік, қысқа, қоңыр түсті немесе сарғыш бозғылт болып келеді. Үйірімен топталып жайылады. Жазда қатты қуаңшылық болған кезде немесе қыста қар көп жауғанда қорек іздеп алысқа қоныс аударады. Жайылуға таңертең және кешқұрым шығады, қыста кейде күндіз де жайылады. Құлжалары 2,5 жаста, аналығы 1,5 жаста жетіледі.

«Бұйратау» ұлттық паркі жануарларының арасында Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жалғыз түр — қазақстан арқары. Қазақтың таулы қыраттарының популяциясынан бөлектеніп тіршілік ететін 400-ден артық арқарлар бар. Қазақстанның ауыл шаруашылығын қайта ұйымдастыру нәтижесінде туындаған экономикалық қиындықтар соңғы жылдары арқардың тіршілігі үшін қолайлы жағдайлар туғызды. Совхоздар құлдырады, ауыл тұрғындарының саны 1,5–2 қысқарды, көптеген кенттер мен мал қыстауының үлкен бөлігі жойылды. Арқарлар мекендеген жерлерде қазір көптеген мал табындары, жылқы үйірлері жайылмайды, тынышсыздықтың қуатты факторы жойылды. Ерейментау тауының күрделі бедері мен көлемді аймағына байланысты құрғамаған су көздері, жазғы және қысқы жайылымның болғандығынан арқарлардың жыл бойы тіршілік етуі, басқа жерге көшіп қонбауымен қамтамасыз етілген. Осы ерекшелігімен Ерейментау көптеген Қазақ тау қыраттарымен ерекшеленеді, бұл жерде арқарлар белгілі бір маусымда тіршілік етіп, кейін басқа қыраттарға өрістейді.

Қазан–қараша айларында күйлеп, сәуір–мамырда аналығы жалқы қозы (кейде егіз) табады. Негізінен астық тұқымдас өсімдіктермен (сұлы, бидайық, бетеге т.б.), кейде бұталардың (итмұрын, ырғай, ұшқат т.б.) жапырағы, бұтағы және жемісімен қоректенеді. Тарбағатай, Ерейментау зоологиялық қорықшаларында қорғалады. Алматы және Қарағанды хайуанаттар бағында ұсталады. Қазақстан арқары өте сирек кездесетін аң ретінде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген [4, 5].

«Бұйратау» Мемлекеттік табиғи бағында жануарлар дүниесі сан алуан түрі бар. Олардың барлығы қатаң қорғауды талап етпейді. Осы жануарлардың ішінде 5 түр Қазақстанның Қызыл кітабына енген, олар төменгі кестеде көрсетілген (4-кесте).

Бұйратау мемлекеттік табиғи бағындағы сирек кездесетін жануарлар

Р/с	Сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлер	Олардың саны (шартты түрде, 2014 ж.)
1	Арқар	411
2	Марал	71
3	Қаракұс	6
4	Бұлан	9
5	Сілеусін	4

Кестеде көрсетілгендей, соңғы жылдары маралдарды қайта жерсіндіру бойынша жұмыстар сәтті жүргізілуде, мұнда олардың саны артып келе жатқандығы көрініп тұр.

«Бұйратау» табиғи бағында елімізде кездесетін арқардың қазақстандық түрі мекендейді. Олардың саны жалпы Қазақстан бойынша жыл сайын азаюда. Ал «Бұйратау» бағындағы саны тұрақты, қорықша елді мекендерден алыс тыныштық жақсы сақталғанымен, браконьерлер тарапынан қауіп төнуде. Жалпы мұнда арқарлар санын көбейтуге толық мүмкіндік бар. Сонымен, қорытындылай келе, «Бұйратауда» сүтқоректілерінің 54 түрлік құрамы және сирек түрлері анықталды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Исмаилова Ф.М., Омарова Г.М.* Национальный природный парк «Буйратау» // Кансонар. — 2014. — № 3(3).
- 2 *Минаков А.И.* Фауна позвоночных животных «ГНПП «Буйратау» // Современное состояние биоразнообразия Чарынского государственного природного парка и прилегающих территорий: Материалы конф. — 2014. — 19–20 сент.
- 3 *Исмаилова Ф.М.* Уникальность флористического разнообразия ГНПП «Буйратау» // Успехи формирования и функционирования сети особо охраняемых природных территорий и изучение биологического разнообразия: Материалы науч.-практ. конф. — Костанай, 2014. — 26–27 февр.
- 4 Книга генетического фонда фауны Казахской ССР. — Ч. 1. Позвоночные животные. — Алма-Ата: Наука, 1989. — С. 134–174.
- 5 Красная книга Казахстана. — Т. 1. Животные. — Ч. 1. Позвоночные. — Алматы: Конжык, 1996. — 327 с.

Г.Т.Қартбаева, Е.Мизембаев

Современное состояние млекопитающих Государственного национального природного парка «Буйратау»

В статье рассматривается современное состояние биоты, млекопитающих Государственного национального природного парка «Буйратау». Проанализирована динамика численности и распространение видов. Изучен видовой состав териофауны, биоразнообразие млекопитающих ГНПП «Буйратау».

G.T.Kartbayeva, Ye.Mizembayev

Current status of mammals of State National Nature Park «Buiratau»

This article discusses the current state of the biota, mammals State National Park «Buiratau». We analyzed the dynamics of the number and distribution of species. The species composition theriofauna «Buiratau». The work is dedicated to the study of mammalian biodiversity State National Park «Buiratau».

References

- 1 Ismailova F.M., Omarova G.M. *Kansonar*, 2014, 3(3).
- 2 Minakov A.I. *The current state of biodiversity Charyn State Natural Park and adjacent territories: Conf. proc.*, 2014, 19–20 Sept.
- 3 Ismailova F.M. *The success of formation and functioning of a network of protected areas and the study of biological diversity: Proc. of sci.-pract. conf.*, Kostanai, 2014, 26–27 Feb.
- 4 *Book of genetic fund of fauna of Kazakh SSR. Pt. 1. Vertebrates*, Alma-Ata: Nauka, 1989, p. 134–174.
- 5 *Red Book of Kazakhstan. Vol. 1. Animals. Part 1. Vertebrates*, Almaty: Konzhyk, 1996, 327 p.